Оңтүстік Қазақстан

8 маусым, 2012 жыл. №88-89 (19299)

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

ЖҰМА

облыстық қоғамдық-саяси газет

WWW.OKS.KZ

Жазушы-фантаст Жүніс Сахиев:

«ЖЕР — КЕҢІСТІКТЕГІ ЖЕКЕ-ДАРА БІР ҮЙ ҒАНА»

Қазақстанда сериялы ғылыми-фантастикалық романды бастаушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі және оның Жандос әдеби сыйлығының лауреаты, Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі Жүніс Сахиевтің «Тіршілік ұясы», «Бо[illegible]», «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-фантастикалық жинақтары мен «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-фантастикалық романы зерделі оқырманның сүйсініп оқитын кітаптарына айналған. Жазушы-фантастың осы сериямен жазған «Қимайтын әлем» ғылыми-фантастикалық романының журналдық нұсқасы «Тіршілік», «Простор» журналдарында, «Вечерний Алматы» газетінде, онан кейін Прагадан шығатын «Немезида» журналында чех тілінде басылды. «Ғарыштан келген гүл», «Космотарих күәсі» ғылыми-фантастикалық романдарының ықшам нұсқалары жарияланды.

Биыл осы танымдық жанрда талмай еңбек етіп, топ жарған жерлесіміз Жүніс Сахиев елу жасқа толды. Осыған орай жазушы-фантастқа арнайы жолығып сұхбаттасқан едік.

— Дүние жүзіндегі кез келген дамыған елдің өркениеттілігі ғылыми-фантастикалық әдебиетінен көрінетіні белгілі. Ендеше, мұндай күрделі жанрға кездейсоқ келуге болмайтыны да түсінікті.

— Әлбетте, бұл қабілет маған жастайымнан дарыды десем болады. Оған жұлдыздардың тылсым күші және әкем Сахы (Сәдуақас) мен анам Құлханыстың аспан денелері жайлы айтқан аңыздары негіз болды. Мен жұлдыздарға жиі және ұзақ қарайтынмын. Оларға ұшып барғым келіп тұратын. Мектеп табалдырығын аттамастан бұрын-ақ көрші достарыма ағам Төрегелді екеуміздің жұлдызаралық кемемен өзге бір әлемге барып қайтқанымыз жөнінде ойдан құрап әңгіме айтатынмын. Екінші сыныпта оқып жүрген кезімде ғарыш эрасы басталды. 1959 жылың қаңтарында Айға алғашқы ғаламшараралық «Луна-1» кемесі аттанды. Онан кеңістікке тараған натрий буын бүкіл ауыл болып бақыладық. Ал бір жылдан кейін Жер өкілі — ит ғарыш кеңістігіне ұшып шықты. Осы оқиғалардың бәрі мені қанаттандыра түсті. Ал жазушылыққа ден қоюыма 1960 жылы мамыр айының үшінші онкүндігінде мектебімізге келген ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов себеп болды. Сол әдеби оқиғадан соң-ақ мен тек армандап, жұлдыздарды бақылап қоймай, сол арман-ниеттерімді ақ қағазға түсіре бастадым. Әуелі ұшқыш, сонан соң ғарышкер болу да ойымда еді. Бірақ аудандық әскери комиссариат оған менің денсаулығымның жарамайтынын айтты. Сөйтіп, ғарыш дегенім — ақ қағазға, кеме дегенім — қаламға айналды... Еңбек жолымды мен Бәйдібек аудандық байланыс бөлімшесінде телеграфшы болудан бастадым. Алғашқы шығармаларым да аудандық «Алғабас» газетінде жарияланды.

— Шығармашылық күш-қуатыңызды республика оқырмандарына тынытқан ғылыми-фантастикалық дүниелеріңіз бен алғашқы жетістіктеріңіз де есіңізде жақсы сақталған болар?

— Республикалық басылымға мен ә дегеннен үлкен сыннан өтіп шықтым. 1973 жылы бүгіндегі «Ұлан», ол кездегі «Қазақстан пионері» газетінде «Атлантида жаңғырығы» атты ғылыми-фантастикалық повесть-буриме жарияланды. Мен оның «Тұңғиықта» деп атаған үшінші бөлімін жаздым.

— Жүке, Сіздің «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналында 1977 жылы жарияланған «Әке өсиеті» ғылыми-фантастикалық әңгімеңіз журналдың сол жылғы лауреаттығын жеңіп алғанын оқырман жақсы біледі. Ал кітап шығару жолында қиындықтар мен кедергілер кездесті ме?

— Қиындықсыз ештеме жоқ. Одақ кезінде кітап жазушылар мейлінше көп болатын. Содан да болар, менің «Тіршілік ұясы» атты ғылыми-фантастикалық әңгімелерден тұратын алғашқы жинағым «Жалын» баспасында жеті жыл жатып жарық көрді. Екінші жинағымдағы «Борыш» ғылыми-фантастикалық повесімнің түпкі ғылыми идеясына баспадағы бір қызметкер қарсы болып, үлкен ғалым, геолог, Қазақстан Республикасы ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Ақжан Машановтың алғысөзімен шықты.

— Ол кісінің «Жүністі қазақ халқының адамдық рухани қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы деп білемін» деп өзіңізге нық сенім артқанын да кітап оқырманы біледі деп ойлаймын. Шынымен-ақ, сіздің «Қимайтын әлем» ғылыми-фантастикалық романыңыз Еуропа оқырмандарына танылды. Ал «Шеңбердің түйісуі» атты ғылыми-фантастикалық повестер мен әңгімелерден тұратын кітабыңыз Қазақстан Жазушылар одағының Жандос әдеби сыйлығына ие болды.

— Кітабымды ол сыйлыққа Қазақстан Жазушылар одағының ғылыми-фантастика секциясы ұсынған еді. Қаржылай демеушісі «Жандос» қоғамы болғандықтан солай аталды. Лауреаттық дипломды мен бірінші хатшының қолынан Үнді жазушыларының Қазақстандағы онкүндігі өтіп жатқан тұста, одақтың кең мәжіліс залында алдым. Бұл 1994 жылғы қараша айының 30-шы тәулігі еді.

— Жүке, өзіңіз «Кеңістік көшпенділері» деп атаған сериямен «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-фантастикалық романыңыз жөнінде «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында, газеттерде жақсы лебіздер жазылды. Осы басылымдардың бәрінде де сіздің Қазақстанда сериялы ғылыми-фантастикалық романды бастаушы екеніңіз бөле айтылған. Бұл қазақ ғылыми-фантастикасының тарихы үшін үлкен бетбұрыс. Мұндай ерен еңбекке қай кезден бастап қалам тартқан едіңіз?

— Мен ғылыми-фантастикалық романдар сериясын 1991 жылы бастадым. Наурыздың 1-і туған күнім. Мұндағы мақсатым: қазақ ғылыми фантастикасында ғылыми-фантастикалық романдар керуенін түзеу болды. «Көктен келген көшпенділерден» кейін жазған «Қимайтын әлем», «Космотарих күәсі», «Ғарыштан келген гүл» ғылыми-фантастикалық романдарымның журналдық нұсқалары мерзімді баспасөзде жарияланды. Алғашқысының чех тілінде басылғаны белгілі.

— Ғылыми-фантастикалық романдарыңыздағы ғылыми мәні бар идеялардың Жеріміз бен еліміздің, өзге әлем өркениетінің көкейкесті мәселелеріне арналып жататыны оқырманға түсінікті. Ал осы ғарыш тақырысы бүгінгі заманда ғылыми-фантастика жанрында көбірек орын алады. Осының басты себебін түсіндіре өтсеңіз?

— Оның негізгі мәнісі мынада. Ертеректе Жер ғаламшары адам баласына шексіз, шетсіз бір әлем болып көрінеді. Адамға жаңа жер, жаңа материк ашудың өзі қиынға түсті. Бірақ, соның өзінде де жазушы-фантастар неген-саяқ болса да ғарыш тақырыбына қалам тартты. Ал, ғарыш жарысы ашылғаннан кейін адам Жер шарын кеңістіктен көрді, материк пен материк, континент пен континенттің арасына ұшу, қалаған елге тез әрі дер кезінде жету жүзеге асты. Әрігерлік ізденістердің жетістіктері нәтижесінде адамның өмірі ұзарды, саны көбейді. Енді адам баласы Жердің болашағын ойлай бастады. Назары аспандағы ғаламшарларға ауды. Өйткені, Жер енді кеңістіктегі жеке-дара бір үйдей ғана. Ал осы үйдей ғана Жер уақыт өткен сайын көбейіп келе жатқан миллиардтаған адам баласы мен хайуанаттар әлемін асырай ала ма?

Астроном-ғалымдарды осы мәселе ойлантады. Олар түн ұйқыларын төрт бөліп, Күн жүйесінен, өзге жұлдыз жүйелерінен тіршілікке қолайлы ғаламшарлар іздеп келеді. Алыстағыны былай қойғанда, өзіміздің Күн жүйеміздегі кейбір ғаламшарларды келешекте тіршілікке қолайландырудың мүмкіндігі бар. Көз алдымыздағы Үй бетінде, әрідегі Қызыл ғаламшар — Марста қалашықтар мен космобиосфералар салу әлдеқашаннан жоспарланып отыр. Төңірегін қою бұлт қоршап тұратын Шолпан ғаламшарының болашағы да ғалымдарды ойлантуда...

— Жүке, жақында дүние жүзі ақпарат орындарынан ғалымдардың өзіміздің Жерге ұқсаған тіршілікке қолайлы ғаламшар бар жұлдыз жүйесін ашқаны жөнінде айтылды. Мұны сіздің де, осы тақырыпқа жазатын өзге жазушы-фантастардың да бір үміт отының жылт етері десе де болғандай. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» дейді халық. Өзіңіздің де жұлдызды әлемге тек қарап, армандап қоймай, қаламнан қолыңыз босаған сәттерде сыңардүрбі арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетініңізді білеміз. Бұл ізденістеріңіздің ғылыми-фантастикалық шығармаларыңыздағы күрделі, ғылыми ой-идеяларыңызды нақтылай түсуге негіз екені де түсінікті. Сөздің реті келгенде, осы астрономия ғылымында жеткен ғалымдық жетістіктеріңізді есіңізге алсаңыз?

— Мен оқыған қазақ орта мектебіндегі лабораториялық жабдықтар өте жақсы болғандықтан оқушы кезімде-ақ Күн мен Ай, жұлдыздар мен құйрықты жұлдыздарды сыңардүрбі арқылы көрудің мүмкіндігі туды. Оған қоса Мәскеудегі астрономиялық ғылыми орталықтармен хат алысып, көкейімдегі сұрақтарыма жауап тауып жүрдім. Кейінірек өзім «айналым жолы Жерге таяу өткен қандай да бір құйрықты жұлдыздың ядросының бөлініп түскен бір бөлігінен болған» деп жорамалдаған ауыл төңірегіндегі «Ақмешіт әулие» атты үңгір аузының құйрықты жұлдыз ядросы пішінінен аумайтынына 1999 жылы өзім түсіріп қайтқан суреттер мен бейнефильмдерден көзім жетті. Күн жүйесіндегі ғаламшарларға жасаған бақылау-зерттеу еңбектерім көп. 1975 жылы Айдың толық тұтылуына жасаған зерттеуімнің нәтижесі Мәскеуден шығатын «Земля и Вселенная» журналында жарияланды. Қызыл ғаламшардың 1988 жылғы қыркүйек айындағы «Жерге ұлы қарсы тұруы» кезінде (мейлінше жақын сәті) оның 60 суретін салдым. Қазақ және орыс тілінде түсініктемелерін жаздым. Ол еңбегім де еш кеткен жоқ. Белгілі астроном И.Т.Зоткиннің ұсыныс-хатымен Астрономия-геодезия қоғамына толық мүше болдым.

— Сіздің астрономия ғылымы жайындағы ғылыми-танымдық мақалаларыңызды орыс тілінде де жазатыныңыз белгілі. Ал, осы қабілетіңізді ғылыми-фантастикалық шығармаларыңызды тәржімалауға қолданасыз ба? Жалпы, шығармаларыңыз қай жылдан аударыла бастады?

— Мен қазақ орта мектебін, университеттің қазақ бөлімін бітірдім. Шығармаларымды аудармашы оның мазмұн-идеясына нұқсан келтіріп алмауы үшін сөзбе-сөз тәржімалап беремін. 1980 жылы алпысыншы жылдардың аяғында жазылған «Тіршілік ұясы» ғылыми-фантастикалық әңгімем алғаш рет орыс тіліне аударылды. Бірақ, 1993 жылға дейін оны жариялаудың мүмкіндігі туған жоқ. 1989 жылы Латыш елінде өткен жазушы-фантастардың сол кездегі Бүкілодақтық семинарына сол және «Соқтығысу» атты шығармамды алып бардым. Екі ғылыми-фантастикалық кітабым шыққандықтан шығарма талқылау менен басталды. Ә дегеннен бірнеше қатысушы маған өзгеше көзқарас білдірді. Оның мәнісі мынау екен. «Тіршілік ұясындағы» бір топ ғарышкерлердің кеме басшысы қазақ та, борт инженері орыс болатын. Олар маған. «Кеме басшысы неге қазақ болады? Неге орыс емес?» деп дүрсе қоя берді. Мен оларға өзімнің Байқоңыр орналасқан қазақ жерінен келген қазақ жазушы-фантасы екенімді, қазақтың да алдағы уақытта ұшатынын кеме басшысы да бола алатынын түсіндірдім. Пікірталас соңында менің екі шығармам да лайықты бағасын алып, сол кездегі КСРО Жазушылар одағына өтуге ұсыныс қағаз алып қайттым. Арада көп уақыт өтпей қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, онан кейін кеме басшысы болып Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшты.

— Ал өмірде ғарыш кемелерінің өзін көрген, ғарышкерлермен жүздескен кездеріңіз болды ма?

— Мәскеуге барған сапарларымның бәрінде АШЖК-дегі «Космонавтика» павильонын, «Ғарышкерлер мұражайын» мұқият аралап, ғарыш кемелерінің жай-жапсарымен танысқанмын. Юрий Гагарин ғарышқа ұшар алдында жұлдыздарды танып-білген «Планетарийде» жұлдызды аспан жайлы жиырмадан аса лекция тыңдадым. Тоқтар Әубәкіровпен бірінше рет кездесіп ғарыш тақырыбында әңгімелестім. Ғарышкер менің ғылыми-фантастикалық роман-кітаптарыммен таныс екенін айтты. Маған ғарыш скафандрын киген түрлі-түсті суретін қолтаңбамен сыйлады.

— Қашан да ел болашағына ой салып, қалың оқырманын жеңімпаздық төріне жетелеп отыратын ғылыми-фантастикалық романдарыңызды оқып сусындаумен шектелмей, онан үлгі алып, өзіңізден ақ бата алған жастар да жоқ емес шығар?

— Оқырмандармен болған кездесулерде мен ондай талапкерлердің жоқ емес екеніне көз жеткіздім. Жас талапкерлер Болатбек Төлепбергеновтың «Әлемдік аманаты», Абат Крамовтың «Мен қалай король болдым», Галия Керімбекованың «Серіктің мұңы», Ақкөргершін Шарбақованың «Жоғалған жігіт», әңгімелері «Ұлан» газетінде, жас жазушы Дастан Аралұлының орыс тілінде жазған «Голос грядущей ночи» тырнақалды фантастикалық кітабы менің алғысөзіммен жарық көрді.

— Жүке, «жігітке жеті өнер де аз» дейді дана қазақ. Ғылыми-фантастикалық роман жазу мен жұлдызды әлемді зерттеуден өзге ұнататын кәсібіңіз бар ма?

— Қол боста домбыраны аламын. Шертпе күйлер мен оркестрлік күйлерді орындауды ұнатамын. Университет қабырғасында оркестр құрамында Мәскеу барып қайтқаным бар. Құрмаңғазының «Сарыарқа», «Түркештің «Көңіл-шар» күйлерін жақсы көремін. Кино түсіру о бастан бергі ісім. Анам Құлханыс жайлы түрлі-түсті деректі фильмім және өзге де фильмдерім бар. Бүгінде бейнефильмге көштім. Суретке түсіру, тауға серуендеу болса да әсерлі. Үйдегі тұрмыс техникаларын жөндеу, саяжай жұмысы уақыт кезегін күтіп тұрады.

— Уақытыңызды бөліп, сұрақтарымызға жауап бергеніңізге көп рахмет. Сізге шығармашылық табыс пен артыңыздан ерер көптеген шәкірт тілеймін. Оқырманыңыз молая берсін.

Сұхбаттасқан
Қайырғали МЕДЕТ.